

2002-2006 жылдарға арналған "Қазақстан Республикасының фармацевтика өнеркәсібін дамыту үшін бірегей фитопрепараттарды әзірлеу және өндіріске енгізу" республикалық ғылыми-техникалық бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 24 шілде N 996

Отандық фармацевтика өнеркәсібін дамытуды ғылыми-техникалық қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 2002-2006 жылдарға арналған "Қазақстан Республикасының фармацевтика өнеркәсібін дамыту үшін бірегей фитопрепараттарды әзірлеу және өндіріске енгізу" республикалық ғылыми-техникалық бағдарламасы бекітілсін.

2. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.**

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 1 ж ы л ғ ы 2 4 ш і л д е д е г і

N 9 9 6 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ
БАҒДАРЛАМА**

**2002-2006 жылдарға арналған
"Қазақстан Республикасының фармацевтика өнеркәсібін дамыту
үшін бірегей фитопрепараттарды әзірлеу және өндіріске енгізу"**

1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ПАСПОРТЫ

Атауы Қазақстан Республикасының фармацевтика өнеркәсібін дамыту
үшін бірегей фитопрепараттарды әзірлеу және өндіріске енгізу

Әзірлеу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі
негіздеме N 1059 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының
Ғылыми және ғылыми-техникалық саясатының тұжырымдамасы;
Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 20 тамыздағы
N 3621 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының
фармацевтік және медицина өнеркәсібін дамытудың мемлекеттік
бағдарламасы

Әзірлеуші Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Іске асыру 2002-2006 жылдар
мерзімі

Бағдарламаның Қазақстан Республикасының өсімдік шикізаты негізінде
мақсаты өмірлік маңызы бар импортты алмастырушы жаңа дәрілік
құралдарды жасау мен өнеркәсіптік өндіріске енгізу

Бағдарламаның міндеттері Дәрілік өсімдік шикізаты өндірісінің базасын жасау, дәрілік
өсімдіктердің перспективалық түрлерін өнеркәсіптік өсірудің
алаңдарын ұлғайту; тұқым қорының жинағы мен тұқым алмасу
қорын жасау, аудандастыру және селекция әдістерімен
өнімділігі жоғары сорттары мен нысандарын алу,
перспективалық дәрілік өсімдіктердің табиғи өнеркәсіптік
қорларын зерттеу. Аса зәру және эндемикалық өсімдіктердің
жоғары өнімді клеткалық дақылдарын алудың өнеркәсіптік
әдістерін жасау және өндіріске енгізу.

Жаңа отандық фитопрепараттардың субстанциялары мен дәрілік
нысандарын өндірудің технологиялық регламенттерін әзірлеу.
Дәрілік өсімдіктердің нормативтік-техникалық құжаттамасын
және олардың негізінде жаңа отандық фитопрепараттарды, фито-
препараттарды стандарттау мен сертификаттау әдістерін әзір.
әзірлеу, биологиялық белсенді заттардың мемлекеттік және
жұмыс істеу стандарттары үлгілерінің банкін жасау.
Өсімдіктер негізіндегі жаңа отандық дәрілік құралдарды
мемлекеттік тіркеуді жүргізу.

Жаңа отандық фитопрепараттарды тәжірибелік-өнеркәсіптік
өндіру технологияларын, жаңа дәрілік препараттар мен
профилактикалық құралдарды сериялық шығарудың технологиялық
желілерін жасау мен енгізу.

Қажетті ресур. Бағдарламаны қаржылық қамтамасыз ету мемлекеттік тапсырыс
стар және шеңберінде тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық
оларды қаржы- бюджетте көзделген қаражат шегінде іс-шараларды іске
ландыру асыру үшін қажетті бюджет қаражаты көлемінде жүзеге
көздері асырылады.

Бағдарламаны іске асыруға байланысты көзделген қаржылық шығындар
барлығы 585,295 млн. теңгені құрайды, оның ішінде жылдар бойынша:
2002 жылы - 102,0 млн. теңге; 2003 жылы - 102,0 млн. теңге; 2004
жылы - 110,0 млн. теңге; 2005 жылы - 127,2 млн. теңге; 2006 жылы -
144,095 млн. теңге.

Күтілетін
нәтижелер

1500 гектардан астам алаңдарда өсірілетін перспективалық дәрілік өсімдіктердің 50-ден астам түрінің тауарлық дәрілік шикізаты; тұқым қорының жинағы мен тұқым алмасу қоры, дәрілік өсімдіктердің өнімділігі жоғары сорттары мен нысандары. Қазақстанның аймақтары бойынша дәрілік өсімдіктердің перспективалық түрлерінің ареалдары мен өнеркәсіптік қорларының карталары. Құнды дәрілік өсімдіктердің жоғары өнімді клеткалық дақылдарын алудың өнеркәсіптік әдістері.

Терапиялық әсері кең ауқымдағы жаңа отандық фитопрепараттардың субстанциялары мен дәрілік нысандарын өндірудің технологиялық регламенттері.

Қазақстан аумағында өсетін перспективалық дәрілік өсімдіктердің уақытша фармакопиялық және олардың негізіндегі бірегей фитопрепараттар. Фитопрепараттарды стандарттау мен сертификаттау әдістері, биологиялық белсенді заттардың мемлекеттік және жұмыс істеу стандарттары үлгілерінің банкі.

"Арглабин", "Салсоколлин", "Рамон", " Алхидин", "Рувимин", "Қызыл май" және басқа да отандық бірегей фитопрепараттардың жаңа тиімді дәрілік нысандары, нормативтік техникалық құжаттама, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің препараттарды өндіру мен сатуға рұқсаты.

Олардың негізінде бірегей субстанциялар мен фитопрепараттарды тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру технологиялары, фитопрепараттар мен профилактикалық құралдарды сериялық шығарудың жетілдірілген жаңа технологиялық желілері. Жаңа тәжірибелік-өнеркәсіптік технологиялардың негізінде өмірлік маңызы бар дәрілік препараттардың тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісін ұлғайту.

Ескерту. Паспортқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.04.01. N 315 , 2004.02.03 . N 132 , 2006.06.23. N 576 қаулыларымен.

2. Кіріспе

Халықтың денсаулығы - кез келген мемлекеттің дамуының негізгі факторларының бірі. Қазақстан Республикасының дәрілік саясаты республиканың медициналық мекемелері мен халқын тиімді, сапалы, қауіпсіз және қол жетерлік дәрілік құралдармен қамтамасыз ету қағидаттарымен құрылады. Қазақстанның фармацевтика рыногының дәрілік құралдардың шетелдік жеткізілімдеріне тәуелділігі жағдайында өз

фармацевтика өнеркәсібін құру Қазақстанның экономикалық тәуелсіздігін қалыптастырудың неғұрлым басым міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев отандық дәрілік құралдар жасау, өндіру мен өндіріске енгізу саласындағы жұмысты жандандыру және таяудағы жылдары Қазақстан Республикасының медицина мекемелері мен халқын дәрілік қамтамасыз етудегі отандық фармацевтік өнімнің үлесін 30 %-ға дейін жеткізуге

тапсырма берді.

Қазақстан Республикасында фармацевтика өнеркәсібін фитохимиялық өндірісті дамыту арқылы жүзеге асыру орынды әрі экономикалық тиімді, мұның өзі, республикада дәрілік өсімдіктердің бірегей шикізат базасы болуымен, химия, медицина мен фармация салаларында едәуір ғылыми-техникалық әлеует жинақталуымен және дәрілік препараттардың субстанцияларын отандық өндірушілердің дәрілік өсімдік шикізатын өңдеуге дәстүрлі түрде бағдарлануы болып табылады. Бұл ретте, отандық фармацевтика өнеркәсібін дамытудың негізгі басымдықтарының бірі - дәрілік өсімдік шикізатының негізінде бірегей отандық субстанцияларын және олардың негізінде дәрілік препараттарды жасау мен өндіріске енгізу, мұның өзі Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының фармацевтік және медицина өнеркәсібін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1997 жылғы 20 тамыздағы N 3621 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының фармацевтік және медицина өнеркәсібін дамытудың мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген (Кіші бағдарлама 4).

Қазақстан Республикасының фармацевтік өнеркәсібін ғылыми қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатты тиімді іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің республиканың фармацевтік рыногында отандық өнімнің үлесін арттыру туралы тапсырмасын, Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары А.С.Павловта фармацевтік және медицина өнеркәсібінің басшыларымен болып өткен (2000 жылғы 13 сәуірдегі N 11-37/И-479) кеңестің хаттамасын орындау, сондай-ақ, қазіргі уақытта "Мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаның негізгі міндеттері мен көрсеткіштерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 қазандағы N 1294 қаулысымен бекітілген 1997-2001 жылдарға арналған "Фитопрепараттарды жасау мен өндіріске енгізу және республика тұрғындары мен медициналық мекемелерді отандық дәрі-дәрмек көздерімен қамтамасыз ету" республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламасы бойынша жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастыру үшін осы "Қазақстан Республикасының фармацевтік өнеркәсібін дамыту үшін бірегей фитопрепараттарды жасау және өндіріске енгізу" республикалық ғылыми-техникалық бағдарламасы қалыптастырылды.

3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Республиканың дәрілік құралдарға қажеттілігінің 3 %-ға жуығы ғана өз өндірісі есебіне қанағаттандырылып келгендіктен, КСРО ыдырап, шаруашылық байланыстар үзілгеннен кейін Қазақстан Республикасында дәрілік қамтамасыз ету проблемасы туындады. Шикізат дайындауға және одан кемірек дәрежеде дайын дәрілік нысандар жасауға бағдарланған отандық фармацевтика өнеркәсібі капсула мен ампула жасау сияқты дәрілік шикізатты өңдеу мен дәрілік құралдар орауыштарын жасаудың технологиясы жоғары тәсілдерін жүзеге асырған жоқ.

Қазақстан Республикасының фармацевтік өнеркәсібін ұйымдастыру жөнінде Үкімет қабылдаған шаралар фармацевтік препараттар мен медициналық техника өндірісінің саласындағы оң өзгерістерге негіз болды. Қазіргі таңда Қазақстанның фармацевтік өнеркәсібінде тұрақты өсу үрдісі бар. Жыл сайын Қазақстанда өндірілетін медикаменттердің көлемі 10 %-ға өсіп отырды, ал 2000 жылы 35 %-дан астам құрады. 1997 жылы 9 миллион АҚШ доллары сомасына медикаменттер шығарылды, 1998 жылы 10 миллион, 1999 жылы 11,5 миллион, 2000 жылдың аяғында - 16 миллион АҚШ доллары. Отандық өндірушілердің республика фармацевтика рыногындағы өнімнің үлесі жоспарлы түрде арттырылуда: 2000 жылдың аяғында ол 6 %-ға дейін өсті.

Қазіргі уақытта, фармацевтика препараттарының әлемдік рыногында өсімдік тектес құралдардың үлесі 40 %-дан астам құрады. Оның үстіне, оның өсу үрдісі айқын аңғарылуда және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымның болжамдары бойынша таяудағы он жыл ішінде дәрілік құралдардың жалпы көлеміндегі фитопрепараттардың үлесі 60 %-дан астам құрайды.

КСРО фармацевтік өнеркәсібі үшін жабайы өсетін өсімдік шикізатының 80 %-дан астамы Қазақстан мен Орта Азияның аумағында дайындалатын. Бұл ретте, Қазақстанда жалпы дайындалатын шикізат мөлшерінің 3 % ғана өңделетін, оның өзінде өңдеу, негізінен неғұрлым қарапайым гален нысандарын (тұнбалар мен сұйық экстрактілер) дайындаумен шектелетін. Қалыптасқан жағдайдың нәтижесінде республика едәуір залал шекті, өйткені, отандық шикізат негізінде өндіріліп, одан кейін Қазақстанға таяу шет елдерден импортталатын дайын дәрілік нысандардың құны бастапқы өсімдік шикізатының құнынан 7-10 есе жоғары болды. Тиімділігі жоғары жаңа отандық фитопрепараттарды жасау саласындағы озық ғылыми зерттеулер республикада 1997-2001 жылдарға арналған "Фитопрепараттарды жасау мен өндіріске енгізу және республика тұрғындары мен медициналық мекемелерді отандық дәрі-дәрмек көздерімен қамтамасыз ету" республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламасы шеңберінде орындалуда. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Фитохимия институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны осы Бағдарламаны әзірлеу мен орындау жөніндегі басты ұйым болып табылады.

Жоғарыда аталған бағдарламаның шеңберінде 1997-2000 жылдар кезеңінде республикада дүние жүзінде ұқсас ештеңе жоқ бірегей отандық мынадай

фитопрепараттар: ісік қайтаратын "Арглабин" құралы, "Салсоколлин" гепатопротекторы, асқындырмайтын және жараны жазатын "Биалм" және "Калиор" майлары, иммунитетті күшейтетін және вирусқа қарсы "Рувимин" және "Гликардин" препараттары, дерматитке қарсы "Рамон", пародонтозға қарсы әрі қабындырмайтын "Тополин" препараты, терапиялық әсері кең ауқымдағы "Аквитол", "Қызыл май" және басқа да препараттар (барлығы 20-дан астам атауы бар), әртүрлі профилактикалық, витаминдік құралдар өнеркәсіптік өндіріске енгізілді. Тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірістердің базасында фитопрепараттарды сериялап шығарудың өндірісі жолға қ о й ы л д ы .

Дәрілік құралдарды жасау мен оларды сериялап шығарудың өндірісіне дейін жеткізудің негізгі проблемалары - жоспарланатын әзірлемелердің ғылым мен ресурстарды қажетсінуі, республикада машина жасау, химия өнеркәсібі сияқты фармацевтика өнеркәсібімен сабақтас салалардың жеткіліксіз дамуы болып табылады.

Қазақстан Республикасында өсімдік тектес дәрілік препараттарды жасау мен өндірудің едәуір ғылыми-техникалық әлеуеті, зор шикізат базасы және оны одан әрі нығайту мүмкіндіктері бар. Жоғарыда аталған факторлар осы бағдарлама тапсырмаларының орындалуына алғышарт болып табылады.

Өсімдік тектес жаңа дәрілік препараттарды жасау және оларды өнеркәсіптік өндіріске енгізу, өндірілетін фармацевтік өнімдердің бәсекелестік қабілетін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар ғылым мен ресурстарды қажетсінеді, мұның өзі республикада қалыптасқан экономикалық жағдайда оларды жеке компаниялардың инвестициялауына тартымсыз етеді. Алайда, шетелдік тәжірибе осы жұмыстың болашағы бар әрі басым жүргізілуі керек екенін көрсетті. Дамыған шет елдерде бір ғана дәрілік препарат шығарудың шығындары 10 миллион АҚШ долларын құрайды. Әйтсе де, әлемнің жетекші фармацевтік компаниялары жаңа дәрілік құралдар жасауға өз кірістерінің 25 % -дан астамын жұмсайды. Республика фармацевтика өнеркәсібінің қалыптасқан инфрақұрылымын, оның импортталатын субстанциялар ("джерениктер") немесе дайын дәрілік құралдар (орауыштар) өндірісінің аяқтаушы сатыларына бағдарланғанын, сондай-ақ республиканың негізгі ғылыми-техникалық әлеуетінің экономиканың мемлекеттік секторында шоғырлануын ескере отырып, бірегей дәрілік құралдар жасау саласындағы ғылыми талдамаларды қаржыландырудың неғұрлым ұтымды жолы - мақсатты мемлекеттік бюджеттік қаржыландыру болып табылады.

Қазақстан Республикасы фармацевтика өнеркәсібінің ғылыми-техникалық әлеуетін одан әрі нығайту және Қазақстан Республикасының өсімдік шикізаты негізінде өмірлік маңызы бар бірегей импорт алмастырушы жаңа дәрілік құралдарды жасау мен өндіріске енгізу үшін осы Бағдарлама әзірленді.

Бағдарлама тапсырмаларының орындалуын ресурстық және технологиялық қамтамасыз ету үшін бірегей технологиялық жабдықтар, аспаптар мен материалдарды отандық өндірушілерге басымдық беріледі, халықаралық ынтымақтастық шеңберінде,

сондай-ақ шетелдік өндірушілерді тарту жоспарлануда.

Жоғары технологияларды пайдаланып, жергілікті өсімдік шикізаты негізінде жасалатын, олардың өзіндік құны төмен дәрілік құралдардың жоғары сапасын қамтамасыз ететін дәрілік құралдардың бірегейлігі осы бағдарламаның шеңберінде жасалатын препараттардың бәсекелік қабілетін қамтамасыз етуде және олардың одан әрі сыртқы рынокқа шығуына бағдарлауға шешуші фактор ретінде қызмет етеді.

Отандық фармацевтика өнеркәсібін дамыту міндеттерінің басымдығын ескере отырып, осы ғылыми-техникалық бағдарламаны қаржыландыру негізінен мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Бағдарламаны іске асыру үшін қосымша ықтимал тапсырыс берушілердің қаражаттары, несиелер және басқа да көздер т а р т ы л а т ы н б о л а д ы .

Осы Бағдарламаны орындаудың нәтижесі Қазақстан Республикасы фармацевтика өнеркәсібінің өндірістік базасының қалыптасуы мен дамытылуы, бірегей дәрілік препараттар өндірісінің көлемі мен түр түрін ұлғайту болып табылады, мұның өзі республиканың фармацевтика рыногындағы отандық препараттардың үлесін көбейтуге және халықты өмірлік маңызы бар әрі қолы жете алатын дәрілік құралдармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Б а ғ д а р л а м а н ы ң м а қ с а т ы :

Қазақстан Республикасының өсімдік шикізаты негізінде өмірлік маңызы бар бірегей импорт алмастырушы жаңа дәрілік құралдарды жасау мен өндіріске енгізу.

Б а ғ д а р л а м а н ы ң н е г і з г і м і н д е т т е р і :

- өсімдік шикізатының дәрілік өндірісінің базасын жасау, дәрілік өсімдіктердің перспективалық түрлерін өнеркәсіптік өсірудің алаңдарын ұлғайту; тұқым қорының жинағы мен тұқым алмасу қорын жасау, аудандастыру және селекция әдістерімен өнімділігі жоғары сорттары мен нысандарын алу, перспективалық өсімдік дәрілік өсімдіктердің табиғи өнеркәсіптік қорларын зерттеу; аса зәру және эндемикалық өсімдіктердің жоғары өнімді клеткалық дақылдарын алудың өнеркәсіптік әдістерін ж а с а у ж әне ө н д і р і с к е е н г і з у ;

- жаңа отандық фитопрепараттардың субстанциялары мен дәрілік нысандарын өндірудің технологиялық регламенттерін әзірлеу;

- дәрілік өсімдіктердің нормативтік-техникалық құжаттамасын және олардың негізінде жаңа отандық фитопрепараттар, фитопрепараттарды стандарттау мен сертификаттау әдістерін әзірлеу, биологиялық белсенді заттардың мемлекеттік және жұмыс істеу стандарттары үлгілерінің банкін жасау;

- өсімдіктер негізіндегі жаңа отандық дәрілік құралдарды мемлекеттік тіркеуді ж ү р г і з у ;

- жаңа отандық фитопрепараттарды тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру технологияларын, жаңа дәрілік препараттар мен профилактикалық құралдарды сериялық шығарудың технологиялық желілерін жасау мен енгізу.

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары мен іске асыру тетіктері

Бағдарламаны іске асыру мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Дәрілік өсімдіктерді дақылға айналдыру, қорларды бағалау, тауарлық шикізатты өндіру үшін база жасау:

Қазақстанның топырағы, климаты әртүрлі аймақтарындағы дәрілік өсімдіктердің интродукциясы, олардың селекциясы мен тұқым шаруашылығы, сортты сынау учаскелерін жасау жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

отандық фармацевтика өнеркәсібінің шикізат базасын қамтамасыз ету мақсатында дәрілік өсімдіктерді өнеркәсіптік өсіру технологияларын жасау;

Қазақстанның әртүрлі аймақтарында жабайы өсетін фармакопиялық және перспективалық дәрілік өсімдіктердің қорларын ұтымды пайдаланудың әдістемелік ұсынымдарын және схемаларын әзірлеу;

эндемикалық және аса зәру дәрілік өсімдіктердің өнімділігін арттыру. Табиғи және техногендік сипаттағы (гербицидтер, топырақтың сортаңдануы) қысым жасаушы факторларға төзімді клеткалар желілері мен интактикалық өсімдіктер алу;

биологиялық белсенді заттарды өндіруші дәрілік өсімдіктердің клеткаларының жинақтарын қалыптастыру мен қолдау көрсету;

эндемикалық және аса құнды клеткалар дәрілік өсімдіктердің клеткалары мен тіндерінен биологиялық белсенді заттарды алу әдістерін әзірлеу.

2. Өсімдік шикізатын химиялық зерттеу: физиологиялық белсенді заттар, олардың молекулаларының химиялық түрлендірілуі; биоскрининг:

дәрілік өсімдіктердің химиялық құрамын зерттеу, өсімдіктер құрылыстарын бөліп көрсету, олардың құрылысы мен физикалық-химиялық қасиеттерін анықтау, жаңа туынды химиялық өсімдікті заттарды бағыттап синтездеу және алынған қосылыстардың биологиялық белсенділігін зерттеу;

фармакологиялық белсенді өсімдікті қосылыстардың және олардың химиялық туындыларының негізінде жаңа ісікке қарсы, гипатопротекторлық, адаптогендік, қабынуға қарсы, фунгиостикалық, иммунды реттейтін және басқа да фитопрепараттарды алу үшін зертханалық регламенттер әзірлеу.

3. Фитопрепараттарды стандарттау әдістерін әзірлеу, биологиялық белсенді заттардың банкі мен олардың стандартты үлгілерін жасау:

оның негізінде алынған дәрілік өсімдік шикізаты мен фитопрепараттарды стандарттау әдістерін әзірлеу мен жетілдіру;

биологиялық белсенді заттардың банкін жасау;

олардың негізіндегі өсімдік шикізаты мен фитопрепараттарға фармакопиялық баптарды әзірлеу;

тәжірибелік-өнеркәсіптік топтамалармен өндірілетін жаңа фитопрепараттардың сапасын стандарттау мен бақылау;
табиғи қосылыстар мен олардың негізіндегі фитопрепараттардың физикалық-химиялық сипаттамалары бойынша компьютерлік ақпараттық деректер банкін жасау.

4. Фитопрепараттардың дәрілік нысандарын жасау мен оларды фармакологиялық зерттеу:

одан әрі клиника алдындағы және клиникалық сынаулар жүргізу үшін перспективалық фармакологиялық белсенді қосылыстарды анықтау мақсатында нормативтік әдістемелік база және олардың химиялық туындылары мен синтетикалық ұқсас үлгілерінің биоскринингі жүйесін әзірлеу;

жаңа субстанциялар мен дәрілік нысандарды фармакологиялық зерттеу, тиімділігі жоғары отандық фитопрепараттардың жаңа дәрілік нысандарын жасау;

нормативтік техникалық құжаттама әзірлеу және өмірлік маңызы бар жаңа дәрілік препараттарды сериялап шығаруға дайындау.

5. Фитопрепараттарды өнеркәсіптік өндірудің технологияларын жасау, оларды сериялап шығаруды ұйымдастыру:

жаңа фитопрепараттарды тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру технологияларын жасау мен жетілдіру;

тәжірибелік фармацевтика өндірісін кеңейтуге арналған өмірлік маңызы бар фитопрепараттар, ісікке қарсы, гепатопротекторлық, қабынуға қарсы және басқа да әсер түрлерінің технологияларын жаңалау.

Бағдарламаны іске асыру конкурстық іріктеуден өткен ғылыми-зерттеу жобаларын орындауға арналған мемлекеттік тапсырмалардың негізінде жүзеге асырылады.

Бағдарламаның әкімшісі - Бағдарламаның жауапты орындаушысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Фитохимия институтымен бірлесіп:

бағдарлама тапсырмаларын орындауға арналған жобалар конкурсын өткізуді;
бағдарлама тапсырмаларының орындалуын үйлестіру мен ағымдағы бақылауды;
тақырыптық көрмелер, ғылыми-практикалық конференциялар, Интернет ғаламдық компьютерлік желісіне ұсыну нысандарында Бағдарламаны ақпараттық сүйемелдеу және т.с.с.;

бағдарлама бойынша аралық және қорытынды есептерді дайындауды қамтамасыз етеді.

6. Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері

Бағдарламаны қаржылық қамтамасыз ету мемлекеттік тапсырыс шеңберінде Бағдарламаның әкімшісімен тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде іс-шараларды іске асыру үшін қажетті бюджет қаражаты көлемінде жүзеге асырылады.

Бағдарламаны іске асыруға байланысты көзделген қаржылық шығындар барлығы

585,295 млн. теңгені құрайды, оның ішінде жылдар бойынша:
2002 жылы - 102,0 млн. теңге; 2003 жылы - 102,0 млн. теңге; 2004 жылы - 110,0 млн. теңге; 2005 жылы - 127,2 млн. теңге; 2006 жылы - 144,095 млн. теңге.

Ескерту. 6-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.04.01. N 315 , өзгерту енгізілді - 2004.02.03. N 132 , 2006.06.23. N 576 қаулыларымен.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаның негізгі бағыттары бойынша күтілетін нәтижелер төмендегі кестеде келтірілген.

Кесте

Бағдарламаның негізгі бағыттары бойынша күтілетін нәтижелер

N	Негізгі тапсырмалар	Ғылыми-техникалық көрсеткіштер
1	2	3

1. Дәрілік өсімдіктердің перспективалық түрлерін өсіруге енгізу, қорларды бағалау, тауарлық шикізат өндірісінің базасын жасау

1.1. Перспективалық дәрілік өсімдіктер. Жалпы көлемі 1500 гектардан астам дің интродукциясы, олардың селек. алаңдарда өсірілетін перспектива. циясы, тұқым шаруашылығы мен сорт. лық дәрілік өсімдіктердің 50-ден тың сынауы. Дәрілік өсімдіктерді астам түрінің өнеркәсіптік план. өнеркәсіптік өсіру мен өңдеудің тациялары. Дәрілік шикізатты өң. технологияларын жасау деудің тиімді әдістері. Дәрілік өсімдіктер мен олардың негізіндегі фитопрепараттарды өнеркәсіптік өндірудің шикізат базасы. Дәрілік өсімдіктерді өсіру мен дайындаудың шарттары және тәсілдері жөнінде ұсынымдар. Бірегей препараттардың ықтимал көздері - дәрілік өсімдіктерді көбейту мен ұлғайтылған егістік алаңдары. Өнеркәсіптік өсіруге ұсынылған дәрілік өсімдіктердің перспективалық сорттары мен нысандары, егістік айналымы, тұқымның сақтандыру қоры. Сортты сынаудың аймақтық учаскелері, дәрілік өсімдіктер сортта.

рын аудандастыру.
Дәрілік өсімдіктерді өсіру мен
егістік айналымының агротехникасы

жөнінде ұсынымдар

1.2. Қазақстанның әртүрлі аймағындағы Қазақстанның перспективалық дәрі.
фармакопиялық және перспективалық лік өсімдіктері ареалдарының
дәрілік өсімдіктердің шикізат карталары мен шикізат қорлары.
ресурстарын зерттеу. Дәрілік өсімдіктерді дайындаудың
Өнеркәсіптік өскіндердегі зертте. көлемі мен мерзімі жөнінде ұсыным.
летін дәрілік өсімдіктерді жинау. дар, оларды жинау мен өңдеу жөнін.
дың, кептірудің және тасымалдаудың де ұсынымдар.
ұтымды жүйесін жасау

1.3. Эндемикалық және аса зәру дәрілік Табиғи және техногендік сипаттағы
өсімдіктердің өнімділігін арттыру. (гербицидтер, топырақтың сортаң.
Табиғи және техногендік сипаттағы дануы) қысым жасаушы факторларға
(гербицидтер, топырақтың сортаң. төзімді жоғары өнімді дәрілік
дануы) қысым жасаушы факторларға өсімдіктер. Дәрілік өсімдіктердің
төзімді клеткалар желілері мен клеткаларының жинақтары.
интактикалық өсімдіктер алу. Дәрілік өсімдіктердің
Дәрілік өсімдіктердің клеткаларының жоғары өнімді клеткалық дақылдары.
жинақтарын қалыптастыру мен қолдау Дәрілік өсімдіктердің клеткалары
көрсету. мен тіндерінен биологиялық белсен.
Эндемикалық және аса құнды клетка. ді заттарды өндірудің
лар дәрілік өсімдіктердің клеткалары технологиялық регламенттері
мен тіндерінен биологиялық белсенді
заттарды алу әдістерін әзірлеу.

2. Өсімдік шикізатын химиялық зерттеу: белсенді заттар, олардың молекулаларын химиялық түрлендіру және скринингі

2.1. Өсімдік шикізатын химиялық өңдеу. Биологиялық белсенді өсімдік
Фитопрепараттар өндірісінің техно. заттарының құрамы мен құрылысы.
логиясы. Өсімдік шикізатын кешенді химия.
Өсімдік шикізатын өңдеудің әдісте. лық өңдеудің зертханалық, тәжіри.
рі мен технологияларын оңтайландыру белік-өнеркәсіптік регламенттері,
фитопрепараттардың тәжірибелік
топтамалары, нормативтік-техника.

лық құжаттама

2.2. Биологиялық белсенді жаңа туынды Биологиялық белсенді өсімдікті

химиялық өсімдікті заттарын бағыт. заттардың ісікке қарсы, асқынуға тап жинақтау, алынған туындылардың қарсы, иммунды модульдік, вирусқа биологиялық белсенділігін зерттеу қарсы, микробқа қарсы және басқа да түрлерінің жаңа химиялық туындылары, препараттардың тәжі. рибелік топтамалары, ғылыми-техни.

калық құжаттама _____

3. Фитопрепараттарды стандарттау әдістерін әзірлеу, биологиялық белсенді заттардың және олардың стандартты үлгілерінің банкін жасау _____

3.1. Дәрілік өсімдік шикізаты мен фито. Фитопрепараттарды стандарттау мен препараттарды стандарттау әдісте. сертификаттаудың әдістері, биоло. рін әзірлеу, биологиялық белсенді гиялық белсенді заттардың стан. заттардың үлгілерінің банкін жасау дартты үлгілерінің банкі.

Қазақстанда өсетін дәрілік өсімдіктердің тізілімі, дәрілік өсімдіктер мен фитопрепараттардың нормативтік-техникалық құжаттамасы

3.2. Табиғи қосылыстар мен олардың Физикалық-химиялық константалар негізіндегі фитопрепараттардың мен биологиялық белсенділік физикалық-химиялық сипаттамалары бойынша ақпарат бар табиғи қосы. жөніндегі ақпараттық деректер лыстар жөніндегі деректер банкі. банкін жасау Биологиялық белсенді заттарды

іздестіру мен жасау саласындағы ақпараттық қамтамасыз ету

4. Фитопрепараттардың дәрілік нысандарын жасау мен оларды фармакологиялық зерттеу _____

4.1. Перспективалық фармакологиялық Жаңа биологиялық белсенді өсімдік белсенді қосылыстарды анықтау қосылыстары мен олардың туынды. мақсатында өсімдік қосылыстары мен лары, табиғи қосылыстар мен олар. олардың химиялық туындыларының дың туындылары үшін анықталған биоскринингі жүйелерін әзірлеу биологиялық белсенділіктің жаңа

т ү р л е р і

4.2. Жаңа субстанцияларды фармакология. Жаңа фитопрепараттарға норматив. лық зерттеу және олардың дәрілік тік-техникалық құжаттама

н ы с а н д а р ы н ж а с а у

4.3. Отандық фитопрепараттардың жаңа дәрілік нысандарын оңтайландыру, оларды фармакологиялық зерттеу және нормативтік техникалық құжаттама нормативтік техникалық құжат. Отандық фитопрепараттардың жаңа дәрілік нысандарына арналған нормативтік-техникалық құжаттама

таманы әзірлеу _____

5. Фитопрепараттарды өнеркәсіптік өндірудің технологиясы, оларды сериялап шығаруды ұйымдастыру _____

5.1. Жаңа фитопрепараттарды тәжіри. Жаңа фитопрепараттарды тәжірибе. белік-өнеркәсіптік өндіру техноло. лік-өнеркәсіптік өндіру техноло. гияларын жасау мен жетілдіру гиялары.

Фитопрепараттардың субстанциялары мен дайын дәрілік нысандарын өндіруге арналған тәжірибелік-өнеркәсіптік технологиялары

5.2. Өмірлік маңызы бар отандық фитопре. Отандық фитопрепараттардың параттардың тәжірибелік фармацев. тиімділігі жоғары өндірісін тика өндірісіне арналған техноло. кеңейтуге арналған технологияларын гияларын жаңалау жетілдіру

8. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.04.01. N 315 , 2004.02.03. N 132 , 2006.06.23. N 576 қаулыларымен. _____

N	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Орындалуы үшін жауапты	Іске асыру мерзімі
1	2	3	4	5

Ұйымдастыру іс-шаралары

1. Бағдарламаны орындау Бұйрықтар. Қазақстан Республикасы. 2001 жылдың жөніндегі тапсырыс. Конкурстық ның Білім және ғылым ІУ тоқсаны тарды орналастыру комиссия. министрлігі (бұдан әрі үшін жобаларды ірік. ның хатта. - Бағдарламаның теу жөніндегі кон. малары әкімшісі) к у р с т ы ұ й ы м д а с т ы р у

және өткізу

2. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасу туралы шарт жөніндегі жауапты орын.

даушы

3. Бағдарлама жөніндегі ғылыми-техникалық бекіту

Бұйрық Бағдарламаның әкімшісі 2002 жылдың I тоқсаны

кеңестің құрамын

4. Бағдарламаның әкімшісі. Бағдарлама. Бағдарламаны іске асыру Жыл сайын сiне аралық есептер, ның әкімшісі. жөніндегі жауапты орын. IY тоқсан

тапсыру-қабылдап алу сiне аралық даушы актілерін және есепті есептер,

жылдан кейінгі жылдың тапсыру-қа.

Бағдарламасының өріс. былдап алу

тетілген нұсқаларын актілерін

ұсыну

және есепті

жылдан кей.

інгі жылдың

Бағдарлама.

сының өріс.

тетілген

нұсқалары

5. Бағдарламаның тапсыр. Бағдарлама. Бағдарламаны іске асыру 2006 жылғы маларын іске асыру ның әкімшісі. жөніндегі жауапты орын. IY тоқсан

нәтижелері бойынша сiне қоры. даушы

қорытынды есепті, тынды есеп

техникалық актілер

мен қосымша материал.

дарды ұсыну

6. Бағдарламаның іске асырылуы туралы Қазақстан Республика. Бағдарламаның әкімшісі 2006 жылдың IY тоқсан

Қазақстан Республика. сының

сының Үкіметіне Үкіметіне

ақпарат беру ақпарат

Бағдарламаның негізгі тапсырмалары

7. Қазақстанның әртүрлі Бағдарлама. Бағдарламаның әкімшісі, Жыл сайын аймақтарындағы дәрі. ның әкімшісі. бағдарламаны іске асыру IY тоқсан

лік өсімдіктері пер. сiне аралық жөніндегі жауапты орын.

спективалық түрлері. ғылыми-тех. даушы

нің интродукциясы

никалық

есеп

8. Тұқым шаруашылық. Бағдарлама. Бағдарламаның әкімшісі, Жыл сайын тарын, сортты сынау ның әкімші. бағдарламаны іске асыру ІҮ тоқсан және дәрілік өсімдік. сіне аралық жөніндегі жауапты орын. терді аудандастыру ғылыми-тех. даушы жөніндегі учаскелер. никалық

ді құру мен дамыту есеп

9. Бірегей фитопрепа. Бағдарлама. Бағдарламаның әкімшісі, Жыл сайын раттардың көздері - ның әкімші. бағдарламаны іске асыру ІҮ тоқсан дәрілік өсімдіктердің сіне аралық жөніндегі жауапты перспективалық түрле. ғылыми-тех. орындаушы рін өнеркәсіптік никалық өсірудің технология. есеп

ларын жасау

10. Дәрілік тауарлық Бағдарлама. Бағдарламаның әкімшісі, Жыл сайын шикізатты өңдеу мен ның әкімші. бағдарламаны іске асыру ІҮ тоқсан сақтаудың технология. сіне аралық жөніндегі жауапты ларын жасау мен ғылыми-тех. орындаушы енгізу никалық есеп

11. Фармакопиялық және Бағдарлама. Бағдарламаның әкімшісі, Жыл сайын перспективалық дәрі. ның әкімші. Бағдарламаны іске асыру ІҮ тоқсан лік өсімдіктердің сіне аралық жөніндегі жауапты дәрілік шикізатын ғылыми-тех. орындаушы зерттеу мен өнер. никалық кәсіптік дайындама. есеп лардың әдістерін

жасау

12. Клеткалық және ген. Бағдарлама. Бағдарламаның әкімшісі, Жыл сайын дік инженерия әдіс. ның әкімші. бағдарламаны іске асыру ІҮ тоқсан терімен эндемикалық сіне аралық жөніндегі жауапты аса құнды дәрілік ғылыми-тех. орындаушы өсімдіктердің өнімді. никалық лігін арттыру. есеп

Аса зәру дәрілік өсімдіктердің өнім. ділігі жоғары клетка. лық дақылдарын алудың

рін жасау

13. Тиімділігі жоғары Бағдарлама. Бағдарламаның әкімшісі, Жыл сайын жаңа фитопрепараттарның әкімшісі. бағдарламаны іске асыру ІҮ тоқсан өндірісі үшін дәрілік сіне аралық жөніндегі жауапты өсімдік шикізатын ғылыми-орындаушы химиялық өңдеудің техникалық технологияларын жасау есеп
14. Химиялық туынды Бағдарлама. Бағдарламаның әкімшісі, Жыл сайын табиғи қосылыстардыңның әкімшісі. бағдарламаны іске асыру ІҮ тоқсан негізінде жаңа препа. сіне аралық жөніндегі жауапты раттар өндірісінің ғылыми-тех. орындаушы технологияларын жасау никалық есеп
15. Дәрілік өсімдік шикі. Бағдарлама. Бағдарламаның әкімшісі, Жыл сайын затын стандарттаудыңның әкімшісі. бағдарламаны іске асыру ІҮ тоқсан әдістерін жасау сіне аралық жөніндегі жауапты ғылыми-тех. орындаушы никалық есеп
16. Фитопрепараттардың Бағдарлама. Бағдарламаның әкімшісі, Жыл сайын субстанциялары менның әкімшісі. бағдарламаны іске асыру ІҮ тоқсан дайын дәрілік нысан. сіне аралық жөніндегі жауапты дарын стандарттаудың ғылыми-тех. орындаушы әдістерін жасау никалық есеп
17. Табиғи қосылыстар мен Бағдарлама. Бағдарламаның әкімшісі, Жыл сайын олардың негізіндегіның әкімшісі. бағдарламаны іске асыру ІҮ тоқсан фитопрепараттардың сіне аралық жөніндегі жауапты физикалық-химиялық ғылыми-тех. орындаушы сипаттамалары никалық жөніндегі ақпараттық есеп
- деректер банкін жасау
18. Өсімдікті қосылыстар Бағдарлама. Бағдарламаның әкімшісі, Жыл сайын мен олардың химиялықның әкімшісі. бағдарламаны іске асыру ІҮ тоқсан туындыларының әдіс. сіне аралық жөніндегі жауапты темелік базасын ғылыми-тех. орындаушы дайындау мен биоскри. никалық нинг жүйесін жасау есеп

19. Жаңа фитопрепарат. Бағдарлама. Бағдарламаның әкімшісі, Жыл сайын тарды фармакологиялық ның әкімшісі. бағдарламаны іске асыру ІҮ тоқсан зерттеуді жүргізу сіне аралық жөніндегі жауапты және олардың оңтайлы ғылыми-тех. орындаушы дәрілік нысандарын никалық жасау есеп
20. Бірегей фитопрепарат. Бағдарлама. Бағдарламаның әкімшісі, Жыл сайын тарды тәжірибелік- ның әкімшісі. бағдарламаны іске асыру ІҮ тоқсан өнеркәсіптік өндіру сіне аралық жөніндегі жауапты технологияларын ғылыми-тех. орындаушы әзірлеу мен жетілдіру никалық есеп
21. Өмірлік маңызы бар Бағдарлама. Бағдарламаның әкімшісі, Жыл сайын отандық фитопрепарат. ның әкімшісі. бағдарламаны іске асыру ІҮ тоқсан тардың технология. сіне аралық жөніндегі жауапты ларын жаңалау ғылыми-тех. орындаушы
 н и к а л ы қ
 е с е п

Т а б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы :

N	Болжамды шығыстар (млн . т е ң г е)	! Қажыландыру көзі !
1	Т а л а п	е т і л м е й д і
2	Талап етілмейді	
3	Талап етілмейді	
4	Талап етілмейді	
5	Талап етілмейді	
6	Талап етілмейді	
7	Барлығы 13,16 млн. теңге, оның ішінде жылдар бойынша: 2003 - 2,0; 2004 - 2,2; 2006 жылы - 3,873 млн. теңге;	Республикалық бюджет 2002 - 2,0; 2005 - 3,087;
8	Барлығы 18,56 млн.теңге, оның ішінде жылдар бойынша: - 3,0 млн. теңге; млн. теңге;	Республикалық бюджет 2002 жылы 2003 жылы - 3,0 2004 жылы - 3,3 млн.

- теңге; 2005 жылы - 4,187 млн. теңге;
2006 жылы - 5,073 млн. теңге;
- 9 Барлығы 50,86 млн. теңге, оның Республикалық бюджет ішінде жылдар бойынша: 2002 жылы - 9,0 млн. теңге; 2003 жылы - 9,0 млн. теңге; 2004 жылы - 9,7 млн. теңге; 2005 жылы - 11,087 млн. теңге; 2006 жылы - 12,073 млн. теңге;
- 10 Барлығы 13,16 млн. теңге, оның Республикалық бюджет ішінде жылдар бойынша: 2002 жылы - 2,0 млн. теңге; 2003 жылы - 2,0 млн. теңге; 2004 жылы - 2,2 млн. теңге; 2005 жылы - 3,087 млн. теңге; 2006 жылы - 3,873 млн. теңге;
- 11 Барлығы 13,16 млн. теңге, оның Республикалық бюджет ішінде жылдар бойынша: 2002 жылы - 2,0 млн. теңге; 2003 жылы - 2,0 млн. теңге; 2004 жылы - 2,2 млн. теңге; 2005 жылы - 3,087 млн. теңге" 2006 жылы - 3,873 млн. теңге
- 12 Барлығы 13,16 млн. теңге, оның ішінде Республикалық бюджет жылдар бойынша: 2002 жылы - 2,0 млн. теңге; 2003 жылы - 2,0 млн. теңге; 2004 жылы - 2,2 млн. теңге; 2005 жылы - 3,087 млн. теңге; 2006 жылы - 3,873 млн. теңге;
- 13 Барлығы 34,66 млн. теңге, оның ішінде Республикалық бюджет жылдар бойынша: 2002 жылы - 6,0 млн. теңге; 2003 жылы - 6,0 млн. теңге; 2004 жылы - 6,4 млн. теңге; 2005 жылы - 7,687 млн. теңге; 2006 жылы - 8,573 млн. теңге;
- 14 Барлығы 34,66 млн. теңге, оның ішінде Республикалық бюджет жылдар бойынша: 2002 жылы - 6,0 млн. теңге; 2003 жылы - 6,0 млн. теңге; 2004 жылы - 6,4 млн. теңге; 2005 жылы - 7,687 млн. теңге; 2006 жылы - 8,573 млн. теңге;
- 15 Барлығы 13,16 млн. теңге, оның ішінде Республикалық бюджет жылдар бойынша: 2002 жылы - 2,0 млн.

теңге; 2003 жылы - 2,0 млн. теңге;
2004 жылы - 2,2 млн. теңге; 2005 жылы
- 3,087 млн. теңге; 2006 жылы - 3,873 млн.
теңге;

16 Барлығы 18,56 млн теңге, оның ішінде Республикалық бюджет
жылдар бойынша: 2002 жылы - 3,0 млн.
теңге; 2003 жылы - 3,0 млн. теңге;
2004 жылы - 3,3 млн. теңге; 2005 жылы
- 4,187 млн теңге; 2006 жылы - 5,073 млн.
теңге;

17 Барлығы 13,16 млн. теңге, оның ішінде Республикалық бюджет
жылдар бойынша: 2002 жылы - 2,0 млн.
теңге; 2003 жылы - 2,0 млн. теңге;
2004 жылы - 2,2 млн. теңге; 2005 жылы
- 3,087 млн. теңге; 2006 жылы - 3,873 млн.
теңге;

18 Барлығы 29,26 млн. теңге, оның ішінде Республикалық бюджет
жылдар бойынша: 2002 жылы - 5,0 млн.
теңге; 2003 жылы - 5,0 млн. теңге;
2004 жылы - 5,5 млн теңге; 2005 жылы
- 6,387 млн. теңге; 2006 жылы - 7,373 млн.
теңге;

19 Барлығы 56,26 млн. теңге, оның ішінде Республикалық бюджет
жылдар бойынша: 2002 жылы - 10,0 млн.
теңге; 2003 жылы - 10,0 млн. теңге;
2004 жылы - 10,8 млн. теңге; 2005 жылы
- 12,087 млн. теңге; 2006 жылы - 13,373 млн.
теңге;

20 Барлығы 110,26 млн. теңге, оның ішінде Республикалық бюджет
жылдар бойынша: 2002 жылы - 20,0 млн.
теңге; 2003 жылы - 20,0 млн. теңге;
2004 жылы - 21,7 млн. теңге; 2005 жылы
- 21,4 млн. теңге; 2006 жылы - 23,8 млн.
теңге;

21 Барлығы 153,255 млн. теңге, оның ішінде Республикалық бюджет
жылдар бойынша: 2002 жылы - 28,0 млн.
теңге; 2003 жылы - 28,0 млн. теңге;

2004 жылы - 29,7 млн. теңге; 2005 жылы
- 32,182 млн. теңге; 2006 жылы - 35,373 млн.
теңге.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК